# ЖЕТІСУ шұғыласы

№ 3 (8992), жұма, 26 қаңтар 2024 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.




## ҚАЗАҚСТАНДА ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАСҚА ДА САЛАЛАРДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ САНЫ САПАЛЫ ТҮРДЕ АРТАДЫ



***ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен өткен Инвестицияларды тарту жөніндегі кеңес отырысында энергетика саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыру барысы қаралды.***

***Қазақстанда инвестициялық жобалардың жалпыұлттық пулы аясында бүгінде 61 ірі жобаны жүзеге асыру көзделген. Оның ішінде ЖЭК, ЖЭО нысандарын салу, газ және гидроэлектростанцияларын іске қосу қамтылған. 2023 жылғы көрсеткіштер инвестиция тарту бойынша жолға қойылған жұмыстарды көрсететіні атап өтілді. Мемлекеттік органдарға инвесторлармен өзара іс-қимылды күшейтіп, жобаларды белгіленген мерзімде пайдаланіға беруді қамтамасыз ету тапсырылды.***

***Сондай-ақ өңірлерге инвестиция тарту мәселелері көтерілді. Мәселен, 2023 жылы Жетісуда 52,8 млрд теңгеге жоспарланған 47 инвестициялық жобаның барлығы іске қосылып, соның арқасында облыста 1200-ден астам жұмыс орны ашылды. Оның ішінде жалпыұлттық пул аясында 10 ірі жоба жүзеге асырылды. Олардың қатарында қуаттылығы 50 мегаватт жел электр стансасы, өнеркәсіптік аккумуляторлар шығаратын зауыт, мультимодальды көлік-логистикалық орталық және т. б. бар.***

***Инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері Инвестициялық штаб отырыстарында тұрақты негізде қаралатын болады.***

**primeminister.kz**

## ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ: ҒЫЛЫМИ ӘЗІРЛЕМЕЛЕРДІ ЕНГІЗУ – ЭКОНОМИКАНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТЫ



***Қазақстан Үкіметінің отырысында ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру шаралары талқыланды.***

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек 2023-2025 жылдарға арналған ғылымның жалпы бюджеті алдыңғы үш жылдық кезеңмен салыстырғанда 3,3 есе 643 млрд-қа дейін өскенін баяндады. Бұл ретте 2024-2026 жылдарға көзделген бюджет тағы 13%-ға өсіп, шамамен 730 млрд теңгені құрайды.

Жүргізіліп жатқан жұмыс аясында іргелі зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми институттарға қосымша қаржыландыру бөлінді. Сондай-ақ жас ғалымдарды қолдау айтарлықтай күшейтілді – бүгінде олар 727 ғылыми жобаны жүзеге асыруда.

Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті коммерцияландыруды ынталандыру шараларының бірі – гранттық қаржыландыруды ұсыну. Өткен бірнеше жыл ішінде мұндай жобалардың елдің ғылыми-техникалық дамуына қосқан жалпы үлесі 68,6 млрд-ты құрады. Оның ішінде сату, салық төлемдері және т.б. бар. 2023-2025 жылдарға осы бағыт бойынша 62,1 млрд бөлінді, бұл өткен жылдардағы қаржыландыру көлемінен екі есе артық

Министр 2023-2025 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында ғылыми-технологиялық инфрақұрылымды қалыптастыруға 16 млрд теңге бөлінгенін атап өтті. Жалпы 2029 жылға дейін 7 мамандандырылған инжиниринг орталығы мен ғылыми-технологиялық парк ашу жоспарланып отыр.

Коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған конкурстарды өткізу туралы «Ғылым қоры» АҚ басқарма төрағасы Камиль Ақатов баяндама жасады.

Премьер-Министрдің айтуынша, ғылыми әзірлемелерді енгізу – өндірістерді жаңғыртудың және жалпы экономиканың инновациялық дамуының басты шарты.

«Өнеркәсіп сапасының өсуі үшін ғылым мен индустрияның тығыз интеграциясы қажет. Біз отандық ғылымның мүмкіндігін кеңейту және бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша жүйелі шаралар қабылдаймыз. Тиісті шаралар кешені Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасында көзделген», — деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, басты назар қолданбалы ғылымды дамытуға, бизнесті ғылыми жобаларды бірлесіп қаржыландыруда белсенді болуды ынталандыруға, ғылыми-технологиялық парктер мен инжинирингтік орталықтар құруға аударылады.

«Тұжырымдаманы іске асыру барысында ғылыми жобаларды коммерцияландыру мен бірлесіп қаржыландырудың үлесі 50%-ға дейін ұлғаяды деп күтілуде», — деді Премьер-Министр.

«Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасында ғылыми жобалардың нәтижелілігін экономикадағы сұранысты ескере отырып қамтамасыз ету бойынша бірқатар норма қарастырылған.

«Осы құжатқа сәйкес ғылыми зерттеулердің технологиялық әзірлігін бағалауы енгізіледі, мұнда олардың идеядан іске асырылуға дейінгі кезеңдері бағаланады. Бұл теориялық әзірлемелерді тәжірибеге жуықтатуға ықпалын тигізеді», — деді Үкімет басшысы.

Премьер-Министрдің айтуынша, сондай-ақ республикада технологиялық брокерлік және венчурлік қаржыландыруды енгізу көзделуде. Бұл бизнесті ғылым саласына атсалысуға ынталандырып, ғылыми жобалардың нақты нәтиже беруі үшін ортақ жауапкершілікті арттырады.

«Ғылымға жеке инвестициялардың тартылуы үшін салықтық жеңілдіктер мен преференциялар көзделетін болады. Ғылымды жергілікті бюджеттен қаржыландыруға алғаш рет мүмкіндік беріледі. Жалпы республикалық бюджеттің ғылыми мақсаттарға жұмсалатын шығыстары соңғы 3 жылда 3,3 есе өсіп, 643 млрд теңгені құрады. 2024-2026 жылдарға шамамен 730 млрд теңге қарастырылған», — деді Әлихан Смайылов.

Бұл ретте Үкімет басшысы осы саланы қаржыландыруға жұмсалатын шығыстардың ұдайы өсіп отырғанын ескере отырып, ғылыми жобалардың нәтижелі болуын арттыруға, олардың қолданбалы сипатына баса мән берген жөн екенін айтты.

Осыған байланысты Премьер-Министр 1 наурызға дейін жобаларды коммерцияландыру барысында күтілетін нәтижелерді нақтылау үшін Жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасының нысаналы индикаторларын өзектендіруді тапсырды.

Оған қоса Үкімет басшысы 2024 жылдың соңына дейін әкімшілік процестерге реинжиниринг жүргізіп, кедергілерді азайтып, ғылыми жобаларды іріктеудің барлық кезеңін автоматтандыруды, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерді сатып алуды бір орталықтан жүргізуді талап етті.

«Әкімдіктермен, өңірлік жоғары оқу орындарымен бірге өңірлер экономикасының нақты сұраныстарына орай коммерцияландыру жобаларын іріктеудің және қолдаудың тиімді механизмдерін пысықтау қажет», — деп түйіндеді Әлихан Смайылов.

**primeminister.kz**

## НАҚТЫ УАҚЫТ РЕЖИМІНДЕ: ЕЛІМІЗДЕ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛУДЕ



***ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысы барысында кәсіпорындарда экологиялық талаптарды сақтау мәселелері қаралды.***

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев атап өткендей, өткен жылдың қорытындысына сәйкес шығарындылар бойынша нормативтердің 3,3%-ға – 4,2 млн тоннадан 4,06 млн тоннаға дейін, төгінділер бойынша 8%-ға – 2,5 млн тоннадан 2,3 млн тоннаға дейін төмендеуіне қол жеткізілді.

Экологиялық заңнаманың сақталуын бақылау мақсатында 652 тексеру жүргізілді, нәтижесінде 1,6 мың құқық бұзушылық анықталды. Олар бойынша жою туралы 628 тиісті ұйғарым берілді. 322 млрд теңгеге 2,1 мың әкімшілік айыппұл салынды, 11,3 млрд теңге мөлшерінде 1,8 мың айыппұл өндірілді. Қалғандары орындалып жатыр.

Экологиялық жағдайды жақсарту үшін ірі кәсіпорындар жыл сайын табиғатты қорғау іс-шараларының жоспарларын әзірлейді. Сонымен қатар жұртшылықпен, экоактивистермен, жергілікті атқарушы органдармен және табиғат пайдаланушылармен бірлесіп өңірлердің экологиялық мәселелері қаралды. Нәтижесінде олардың кешенді шешімі бойынша 18 жол картасы әзірленді. Іс-шаралардың жартысынан көбі іске асырылды, қалғандарын орындау жалғасуда.

Премьер-Министр атмосфераны ластаушы заттардың басым бөлігі өнеркәсіп кәсіпорындарына тиесілі екенін атап өтті. Атап айтқанда жылу энергетикасы мен мұнай-газ секторларының кәсіпорындары, тау-кен өндіру және өңдеу салалары, қара және түсті металлургия кәсіпорындары үлес қосып отыр.

***«Кәсіпорындардағы ластағыш заттарды үнемі бақылап тұру үшін автоматтандырылған мониторинг жүйесі енгізілуде. Бұл кәсіпорындардың шығарындыларын нақты уақыт режимінде қадағалап тұруға және белгіленген нормалардан асып кеткен жағдайда жедел әрекет етуге ықпал етеді»***, — деді Әлихан Смайылов.

Қоршаған ортаға әсерді азайту мақсатында және кәсіпорындардың заманауи шешімдерін енгізуде ең үздік технологиялық анықтамалықтар бекітілді.

***«Мұндай технологияларды қолдану қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерді азайтады»,*** — деп атап өтті Премьер-Министр.

Үкімет басшысының айтуынша, Дегенмен әлі шешілмеген өзекті мәселелер бар. Мысалы, атмосфераның ғана емес, су ресурстарының да ластану фактілері орын алып отыр

***«Кейбір кәсіпорындар өзендер мен көлдерге қалдықтарды рұқсатсыз төгіп жатыр. Компаниялардың осындай заңсыз әрекеттеріне халықтан түсетін шағым көп. Су ең құнды ресурс, біз оны қорғауға міндеттіміз»,*** — деп атап өтті Әлихан Смайылов.

Ол сондай-ақ Озық халықаралық тәжірибе негізінде ESG стандарттарын енгізу қарқыны төмен екенін атап өтті. Сонымен қатар әлемнің көптеген компаниялары үшін бұл стандарттар жұмыстың ажырамас бөлігіне айналған.

Жалпы, олар экологиялық көрсеткіштерді ғана емес, әлеуметтік, қаржылық және өндірістік көрсеткіштерді де жақсартуға ықпал етеді. Сондай-ақ ESG стандарттарын сақтау халықаралық қаржы институттарымен кредит беру кезінде назарға алатын критерийлердің бірі болып табылады.

***«Отандық кәсіпорындардың экологиялық қауіпсіздігін барынша арттыру үшін ресурс үнемдейтін және қалдықсыз технологияларды белсендірек енгізу қажет»,*** — деп атап өтті Үкімет басшысы.

Ол сондай-ақ табиғатты қорғау шараларын жаппай жүргізудің де маңызы зор екенін атап өтті.

***«Мысалы, компаниялар ағаш отырғызу, өзен арналарын тазарту, орман алқаптары мен далаларда қоқыс жинау науқандарын жүйелі түрде жүргізіп тұруларына болады. Ол үшін Экология министрлігі мен әкімдіктер табиғат пайдаланушылармен бірлесіп жоспарлы жұмыс жүргізулері керек»***, — деді Әлихан Смайылов.

Сонымен бірге ол экологиялық іс-шараларды іс жүзінде жүзеге асыру уақытты қажет ететінін айтты.

***«Әсері бірден болмайды. Бұл ауқымды әрі ұзақ мерзімді процесске, кәсіпорындар, мемлекеттік органдар, экологтар, ғылыми қауымдастық пен жұртшылық жұмыла кірісуге тиіс. Нақ осындай тиімді әрі сындарлы жұмыс қана еліміздегі қазіргі экологиялық жағдайды жақсартуға ықпалын тигізеді»,*** — деп атап өтті Премьер-Министр.

Үкімет басшысы кәсіпорындардың экологиялық міндеттемелерді сақтауын қамтамасыз етуі, оның ішінде су ресурстарының ластануына жол бермеуі қажет екенін айтты. Ол сондай-ақ бекітілген өңірлік Жол карталары мен табиғатты қорғау іс-шаралары жоспарларының іске асырылуын жалғастыру, сонымен қатар өнеркәсіп кәсіпорындарында ESG стандарттарын енгізудің нақты шараларын әзірлеу қажеттігін атап өтті.

**primeminister.kz**

# «ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА» ЖОБАСЫНА ӨТІНІШТІ ЕНДІ ОНЛАЙН БЕРУГЕ БОЛАДЫ




***2023 жылдың сәуір айынан бастап «Дипломмен – ауылға» жобасы бойынша «Отбасы банкі» жоба операторы болып тағайындалды. Бағдарлама цифрлық форматқа ауыстырылды. Өтінімдер Баспана маркет жылжымайтын мүлік порталында онлайн қабылданады.***

Бағдарламаға мына салалардың мамандары қатыса алады:

-денсаулық сақтау;

-білім;

-әлеуметтік қамсыздандыру;

-мәдениет;

-спорт;

-агроөнеркәсіптік кешен;

-ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері.Көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы сұранысқа ие мамандықтардың және ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілерінің тізбесі бойынша ұсынылады.

Тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары жақын туыстарынан (жұбайынан (зайыбынан), атасынан (әжесінен), ата-аналарынан (оның ішінде асырап алушылардан), балаларынан (оның ішінде асырап алынғандарынан), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-қарындастарынан) тұрғын үй-жай сатып алуға, сондай-ақ азамат тұрақты тұратын тұрғын үй-жайды сатып алуға пайдаланылмайды. Әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен немесе бір реттік парольмен куәландырылған Порталда тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушіге Портал арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

I) көтерме жәрдемақы алған кезде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

білімі туралы диплом не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

2) тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алған кезде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

білімі туралы диплом не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік не некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

Кредиттік бюродан есеп;

Портал арқылы жүгінген кезде өтінішке көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ немесе бір реттік парольмен куәландырылған көрсетілген құжаттардың (тиісті ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттарды қоспағанда) электрондық (сканерленген) көшірмелері қоса тіркеледі.

Әлеуметтік қолдау шаралары бұрын берілген кредиттер бойынша өтелмеген мерзімі өткен берешегі жоқ, сондай-ақ соңғы 2 (екі) жыл ішінде 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен берешегі жоқ көрсетілетін қызмет алушыларға ұсынылады.

**С. ЖАЙНАҚОВА.**
**Ескелді ауданының экономика және қаржы бөлімінің бас маманы**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС




***Сыбайлас жемқорлық - бүгінгі таңда көптеген елдерде кеңінен бел алып қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндірген қылмыстың бірі. Оның кез келген көріністері қоғамның барлық саласына өзінің келеңсіз әсерін тигізеді. Ал осы көріністерді туындатқан салдарлар мемлекеттік үдерістің қарышты дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, сондай-ақ, мемлекет билігінің беделіне нұқсан келтіреді. Құқықтық демократиялық мемлекет құрудың принциптерін бұзып ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне нақты қауіп туғызады.***

Сыбайлас жемқорлық ұғымымен жалғыз пара алуды ғана баламалауға болмайды, өйткені бұл қылмыстың осы түрінің көп көріністерінің бірі ғана. Қазіргі сыбайластық - өзінің жеке мүддесі үшін заңды айналып өту жолымен материалдық және заңдық артықшылықтар алу. Ол мемлекеттік билік пен басқару органдарында неғұрлым қауіпті, мұндай жағдайда әкімшілік ресурстар мен әр түрлі қылмыстық құбылыстар өз-өзінен ұласып кетіп барады.

Біз күнделікті қызмет барысында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарының қойылған талаптарын қатаң сақтап, мүлтіксіз орындап, басқа да мемлекеттік қызметкерлердің оны бұзуына жол бермеуіміз керек. Елдігімізге мемлекеттік құрылысқа елеулі қатер төндіріп отырған сыбайлас жемқорлық бүгінгі таңда қауіпті әлеуметтік құбылысқа айналып отыр.

Осындай келеңсіз құбылыстармен бітіспес күрес жүргізу тек мемлекеттік органдардың, құқық қорғау немесе сот міндеті емес, барлық ұлтжанды азаматтардың парызы. Жемқорлықпен күресуді бүкіл халық болып қолға алсақ ғана тоқтатуға болады. Сыбайлас жемқорлық сияқты ауыр қатерді тек мемлекеттік және құқық қорғау органдарының күш-жігерімен ғана емес, азаматтық қоғам институттарымен бірлесіп жеңу керек. Осы жағдайға байланысты қазір бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халық сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізіліп жатқаны туралы хабарланып отыр.Сонымен қатар ақпарат құралдарында, инстаграм желісінде сенім телефондары жарияланып тұрады. Қазіргі таңда мемлекет басшысының бастамасы бойынша басталған әкімшілік және конституциялық реформаларды іске асыру ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл әкімшілік реформалардың мәні мен мазмұны сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін одан әрі нығайтуға бағытталған.

Осы саясатты ұстанып басқармада Заң талаптарына сай жыл басында іс-шаралар жоспары бекітіліп жоспарға сай біршама жұмыстар атқарып келеді. Мекемемізде семинарлар, кездесулер, БАҚ-та материалдар жариялау арқылы түсіндірме жұмыстары дәстүрлі түрде жүргізіледі. Сонымен қатар басқармада сенім телефоны 8/72836/3-92-49 жұмыс істейді.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп халық даналығы айтқандай біз мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясатты жақтап, оның орындалуына басты себепкерміз. Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу - мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы. Осы кеселге қатаң бағытталған мемлекеттік бағдарлама жоғары деңгейдегі жауаптылықпен іске асырылуы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - бұл үздіксіз процесс. Сондықтан алдағы уақытта да сыбайлас жемқорлықпен күресті бірлесе жүргізе береміз.

**Е.СЕЙСЕМБИНОВ,**
**Ескелді аудандық СЭБ басқарма басшысы**
**А.М.БАБАЕВА,**
**Ескелді аудандық СЭББ бас маманы**

# «ЖАС ТЕННИС ЖҰЛДЫЗДАРЫ» АТТЫ ЖАСТАР АРАСЫНДА ҮСТЕЛ ТЕННИСІ



***Өскелең ұрпақтың патриоттық тәрбиесін күшейту, жастарды тұрақты түрде спортпен шұғылдануға баулу. Жастардың салауатты салтын ұстануына, спортпен жүйелі айналысуына ықпал ету, спорттық шеберлектерін арттыру.***

***Үстел теннисі өте кең тараған ойын. Сонымен бірге ойын кезінде жоғары қозғалыс белсенділігімен ерекшелене отырып адамның бойына жылдамдық, ептілік, қимылды басқарушылық, зейінділігін арттыру, әрекет жасау, көзбен мөлшерлеу, ойлау сияқты қабілеттіліктерін қалыптастырады. Үстел теннисі өте қызықты, жан жақты, әр жастағы адамдар үшін қол жетерлік ойын. Ойын кезінде ойыншы жалынды, жігерлі күшпен бірге дене қозғалысына қосымша күш береді.***

**Р.БЕЙСЕНБИНОВА.**
**Төлеңгіт ауылдық округінің жастар ісі жөніндегі әдіскер нұсқаушысы**

# МАЛ ИЕЛЕРІ ҮШІН ПАЙДАЛЫ «TORTTULIK» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ




***Жануарларды есепке алу: АШМ-де мал иелері үшін пайдалы мобильді қосымша әзірленді.***

Қазақстанда 2023 жылдың 18 шілдесінен бастап ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне арналған «TortTulik» мобильді қосымшасы іске қосылды. Жобаны Ауыл шаруашылығы министрлігі АӨК-дегі экономикалық саясатты талдау орталығымен бірлесіп әзірледі. Қосымша Ауыл шаруашылығы жануарларының базасын кеңейтуге көмектеседі, әрбір жануар иесі (ШҚ, ЖШС, ЖҚШ және т.б.) өз малына түгендеу жүргізе алады. Осының арқасында ветеринарлар ветеринарлық-профилактикалық шараларды уақтылы және толық көлемде жүргізуге мүмкіндік алады. Қолданба смартфон арқылы жұмыс істейді. Бағдарлама арқылы ветеринариялық төлқұжат алуға болады және болашақта малды сатып алу-сату, жоғалған кезде тегті ауыстыру, сондай-ақ союдан кейін жануарды есептен шығару рәсімдерін жасауға болады. «TortTulik» ауыл тұрғындары үшін ақпараттық хабқа айналады. Қолданбада саланың соңғы жаңалықтарын жіберу мүмкіндіктері, алдағы вакцинация туралы хабарламалар және т.б. бар. Қолданба жаңартылған сайын ет сатып алушыларға арналған бөлім енгізіледі. Қойындыда «sogym.kz» қазақстандықтар жануардың ветеринариялық бақылауынан өткен ұшаға тікелей ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіден тапсырыс бере алады. «TortTulik» Android Playmarket-тен жүктеуге қол жетімді болғанша, әзірлеушілер кейінірек қосымшаны iOS-тағы смартфондарға бейімдейді. Айта кетейік, мобильді бағдарламаның әлеуметті пайдаланушылары бүкіл ел бойынша 1,5 млн мал иесі болады.



# ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІ 2023 ЖЫЛДЫҢ ЖҰМЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

***Бүгін Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің 2023 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша алқа отырысы өтті.***

Оған Президент Әкімшілігінің өкілдері, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Агенттік жанындағы Қоғамдық кеңес, Әдеп жөніндегі комиссия, Сервистік мемлекеттік аппаратты қалыптастыру және оның қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі Консультативтік-сараптамалық топ мүшелері қатысты.

МҚІА төрағасы Дархан Жазықбай өткен жылы Агенттіктің барлық бастамалары Мемлекет басшысының мемлекеттік аппараттың адамға бағдарланған және сервистік моделін қалыптастыру бойынша қойған міндеттерін жүзеге асыруға бағытталғанын атап өтті.

Өткен жылы Президенттің тапсырмасына сәйкес Мемлекеттік басқару академиясының құрылымында адами ресурстарды басқарудың заманауи құралдарын қолданатын арнайы HR институты құрылды.

Дархан Жазықбай Агенттіктің еліміздің кадрлық әлеуетін арттыру бағыттарында іске асырылған Президенттік жастар кадр резерві жобасы туралы айтты. Үшінші іріктеуге қатысуға 30 мыңнан астам адам өтініш білдірді, бұл оның жастар арасындағы жоғары танымалдылығын көрсетті.

Тікелей тағайындау мүмкіндіктеріне сәйкес жоғары оқу орнын бітірген 100-ден астам түлек конкурстан тыс аудандық және ауылдық деңгейдегі төменгі лауазымдарға тағайындалды, ал 300-ге жуық жеке сектордың тәжірибелі маманы мемлекеттік қызметке қабылданды.

Агенттік төрағасы жас мамандарды мемлекеттік басқару жүйесіне тарту жұмыстары жалғасатынын айтты. Биыл алғаш рет Өңірлік жастар кадр резервтеріне іріктеу жүргізіледі. Іріктеу 7 салалық бағыт бойынша өтеді.

Дархан Жазықбай «e-Qyzmet» жүйесі бойынша алты мемлекеттік органда өткен мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа пилоттық жобасының сәтті жүзеге асырылғандығын айтты. Осылайша, конкурстарға қатысушылар санының артуында оң динамика байқалады. Жаңа жүйемен мемлекеттік қызметке 650-ден астам адам қабылданса, конкурстарға қатысқан үміткерлердің саны 5800-ді құрап отыр. Жаңа жоба бойынша бір орынға қатысушылардың үлес көрсеткіші 4,6 адамды құрап, қолданыстағы іріктеу тәртібімен салыстырғанда қатысушылардың саны 2,7 есеге артты. Биыл жаңа іріктеу жүйесін кезең-кезеңмен барлық мемлекеттік органдарға енгізу жоспарлануда.

Мемлекеттік қызметте қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған бірқатар заңнамалық бастамалар қабылданды. Басқа өңірлерге ротацияланатын мемлекеттік қызметшілерге ротациялық төлемдер енгізілді. Икемді кестелерді қолдану және қашықтықтан жұмыс істеу Ережесі бекітілді, оларды қолдану практикасы 72,4%-ға өсіп отыр.

Сонымен қатар, мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің басшы және атқарушы құрамының арақатынасын айқындау қағидалары бекітіліп, «келісімшарттық қызметшілер» институты енгізілді.

Алқа отырысында мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау шаралары баяндалды. Дархан Жазықбайдың айтуынша, 2023 жылдың қорытындысы бойынша Агенттікпен 513 мемлекеттік органда жұмыс уақытының сақталуына мониторинг жүргізілді, оның нәтижесімен 234 мемлекеттік қызметшіге қосымша демалыс уақыты берілген.

Сондай-ақ 2023 жылы Әдеп жөніндегі кеңестердің 195 отырысы өтіп, онда 1300-ден астам мәселе қаралғаны айтылды. Олардың 62% профилактикалық сипатта және әдеп бұзушылықтардың алдын алуға бағытталды.

Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және тұлғалық дамуына ерекше көңіл бөлінеді. «Адал Азамат» ұстанымдары мен идеалдарын ілгерілету, жаңа басқару мәдениетін қалыптастыру жұмыстары басталды.

Агенттік қызметіндегі маңызды бағыт – мемлекеттік қызмет көрсету сапасына бақылау жүргізу. 2023 жылы 498 тексеру жүргізілді, проактивті мониторинг тәжірибесінің арқасында 11 мыңнан астам құқық бұзушылық анықталды. Осындай шаралардың нәтижесінде 360 азаматтың құқықтары қалпына келтірілді.

Алқа отырысында мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту бойынша жұмыстың алдын ала қорытындылары айтылды. Мемлекеттік органдармен бірлескен жұмыс нәтижесінде 550-ден астам бюрократиялық кейстер әзірленді. Ұсыныстардың 152-сін іске асыру үшін заңнамалық деңгейде шешімдер қабылдауды қажет етеді.

МҚІА жанындағы Қоғамдық кеңесінің төрайымы Бибігүл Ағыбаева өткен жылы қоғамдық кеңестің 5 отырысы өтіп, 31 нормативтік құқықтық актілер қаралғанын айтты. Өз кезегінде Дархан Жазықбай Қоғамдық кеңес мүшелеріне Агенттіктің іс-шараларына белсенді қатысқандары үшін алғысын білдіріп, одан әрі тығыз ынтымақтастықта жұмыс жасауға шақырды.

Сонымен қатар, алқа отырысында Агенттіктің алдағы жылға арналған жұмыс жоспарлары талқыланды. Олардың қатарында – мемлекеттік қызметті кәсібилендіру бойынша жұмысты жалғастыру, мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту бойынша заң шығарушылық қызметті күшейту, жастарды мемлекеттік қызметке тарту және одан әрі цифрландыру процестерін жетілдіру бар.

**ҚР МҚІА Баспасөз қызметі**

# АГЕНТТІКПЕН 360 ҚЫЗМЕТ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ




***Бұл туралы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай 2023 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша алқа отырысында айтты.***

***МҚІА Төрағасы Агенттікпен 2023 жылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау саласында 498 тексеру жүргізілгенін атап өтті. Нәтижесінде 66 мың заң бұзушылық анықталды. Тексеру қорытындысы бойынша 898 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке, 365 әкімшілік жауапкершілікке тартылды.***

***Қызмет алушылардың құқықтарын проактивті түрде, олардың шағымдарын күтпей-ақ, қашықтан мониторинг жүргізудің тиімділігі атап өтілді. Бұзушылықтар анықталған жағдайда заңдылықты қалпына келтіру және қызмет алушылардың құқықтарының бұзылуына жол бермеу бойынша шаралар қабылданады. Мониторинг нәтижесінде өңірлерде ақпараттық жүйе арқылы 11 мыңнан астам заң бұзушылықтар анықталды.***

***Осындай шаралардың нәтижесінде 360 азаматтың құқықтары қалпына келтірілді.***

***Дархан Жазықбай 2023 жылдың соңында «e-Qyzmet» ақпараттық жүйесінде мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылау модулі әзірленгендігін атап өтті. «Бұл алдағы уақытта бақылау іс-шараларын жүргізу процесін мейлінше автоматтандыруға және уақыт шығындары мен қағазбастылықты болдырмауға септігін тигізбек.***

***Біз мемлекеттік қызмет көрсету үрдістерін жетілдіру мақсатында жүйелі талдау жүргізудеміз. Нәтижесінде «электрондық үкімет» порталында жұмыс істемей тұрған 40 мемлекеттік қызмет анықталды. Қазіргі уақытта олардың 14-і іске қосылды, қалған 26 мемлекеттік қызметті іске қосу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, 16 мемлекеттік қызмет автоматтандырылды, 10 мемлекеттік қызметті көрсету барысында заңнамаларда кездесетін қайшылықтар жойылды.***

***Талдау нәтижелеріне сәйкес 104 мемлекеттік қызмет толыққанды көрсетілмейтіндігі анықталды. Яғни қызмет алушылар өзінің қажеттілігіне түпкілікті қол жеткізу үшін мемлекеттік органдарға бірнеше мәрте жүгінуге мұқтаж.***

***Сонымен қатар, азаматтарды әуре-сарсаңға салмау үшін 110 қызметті проактивті түрде және 75 қызметті «бір өтініш» қағидаты бойынша көрсету ұсынылды. Мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында 35 комиссияны және 13 келісуді қысқарту бойынша ұсыныстар әзірленді.***

***Агенттік ұсыныстарын негізге ала отырып Үкімет мемлекеттік органдарға тапсырма берген соң мемлекеттік қызметтерді көрсету процесстерін жетілдіру және оңтайландыру бағытында олар тиісті жұмыстар атқаруда» - деді Агенттік төрағасы.***

***ҚР МҚІА Баспасөз қызметі***

# Сыбайлас жемқорлық қоғамға өте қауіпті құбылыс



***Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Сыбайлас жемқорлық еліміздің экономикасы мен ұлттық қауіпсіздігіне орасан зор нұқсан келтіріп қана қоймай, нарықтық экономиканың дамуына да залалын тигізеді.***

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болуда. Қауіпті құбылыс әлемдік деңгейдегі елдердің де қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Жемқорлыққа қарсы күрес жанжақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі қажет. Сыбайлас жемқорлық келеңсіз құбылыспен күресу барша мемлекеттік қызметшілер мен халықтың алдында тұрған ортақ мәселе.

Мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, мемлекеттік қызмет көрсетуге толық талдау жүргізіп, қызмет көрсету сапасын арттыру және әсте мән беру керек. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымды ұстанулары міндет.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыттарының бірі – оның алдын алу, яғни оның себептері мен шарттарына ықпал жасау болуы керектігін ескерген жөн.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ҚР АШМ ВБжКК Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының арнайы әлеуметтік парақшасы (инстаграм, фейсбук) ашылған, онда ветеринария саласындағы атқарылған жұмыстар барысы мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында, видеороликтер, фото-суреттер, үздіксіз инспекцияның атқарған іс – шаралары жарияланып отырады. Инспекцияның ғимаратта сыбайлас жемқорлыққа қарсы көрнекілік құралдар ілінген. Инспекция басшысының азаматтарды қабылдау кестесіне сәйкес, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, шағымдары қаралып отырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекел дәрежелері саралап отыруға да жете мән берілуде. Сол себептен мемлекеттік қызмет көрсету түрлері электронды нұсқада атқарылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу жеке адамдардың немесе жекелеген топтың ғана емес, мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы болып саналады. Әрбір лауазым иесі өзінің жан дүниесін ұдайы таза ұстап, қызметтік міндеттерін адал атқаруға дағдылануы тиіс. Сонда ғана олар қарапайым халықтың сенімін ақтап, қоғамның тежеусіз дамуына үлес қосқан болар еді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу – әрбір Қазақстан азаматының міндеті деп ойлаймын. Сыбайлас жемқорлыққа жол бермейік және бірге күресейік.

**Д.ТЫНЫСБАЕВ.**
**ҚР АШМ ВБжКК**
**Ақсу аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы, мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық инспекторы**

# МАЛ ҰРЛЫҒЫНА ҚАЛАЙ ТОСҚАУЫЛ ҚОЯМЫЗ



***Бүгінгі таңда өзекті тақырыпқа айналып отырған мәселе – мал ұрлығы. Аудан бойынша мал ұрлығына қарсы күрес жұмыстары, малды сату және тасымалдаудағы заңдылықтың сақталуы, ұрлық малды заңсыз жерде сою, заңсыз ет өнімін сатуға қатысты тиісті жұмыстар жүргізілуде. Алайда әлі де болса, өзінің жеке малдарына жүрдім-бардым қарайтындығы, тұрғындар тарапынан кейбір жағдайларда мал ұрлығының алдын алуға бөгет болуда.***

Әсіресе, жылқы малының жылдың төрт мезгілінде далада қараусыз қалдырылуы, уақтылы түгенделмеуі – мал ұрлығына басты себеп. Ауыл шаруашылығы малдарын бағымсыз, бақташысыз дала жайылымына жібермеу қажет, себебі, малдың 90%-ы далада бағымсыз жүрген кезінде ұрланады. Сондықтан ауылдық округтерде тұрғындарға өз малдарын қараусыз қалдырмау, малды кезекпен бағуды ұйымдастыру жөнінде кеңінен түсінік жұмыстары жүргізіліп келеді. Осы орайда ҚР «Ветеринария туралы» заңының 10-бабына сәйкес елді мекендерде мал жаятын жайылымды айқындауға қатысты ауылдық округтерде ауыл шаруашылығы малдарына арналған жайылымдық жерлерді анықтау жұмыстары аудандық жер қатынасы бөлімімен бірлесіп, нақтылау жұмыстары жүргізілуде. Мал ұрлығының алдын алу мақсатында ауылдық округтердегі мал дәрігері мамандарына жұмыс уақыты біткеннен кейін және демалыс күндері ветеринариялық анықтама бермеу жөнінде тапсырмалар берілді. Мал ұрлығына қатысты ҚР ІІМ «Мүлікті қорғау» 2021-2023 жылдарға арналған бағдарлама жоспарына сай мал ұрлығының алдын алу және ашу мақсатында АПБ-нің қызметкерлері арасынан мобильдік топтар құрылған. Олар ауданымыздың құм жиектеріне және ауылдық округ көлемінде орналасқан шаруа қожалықтарға шолу жұмыстарын жүргізіп, алын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырады. Сондай-ақ, шаруа қожалықтар иелерімен және бақташылармен төрт түлік малды қараусыз қалдырмау, кешкісін қоралау, ен таңбалап чиптеу, мал базарға немесе бір орыннан екінші орынға тасымалдау кезінде рұқсат анықтамаларымен тасымалдау бойынша кең ауқымда жұмыстар жүргізілуде. Жалпы ауылдық округ бойынша заңды және жеке тұлғалар арасында ауыл шаруашылығы жануарларын заңсыз жерде сою, заңсыз ет өнімін сату фактілері тіркелген жоқ. Мал ұрлығымен күресу барысында жалғыз құқық қорғау органдарының жұмысы жеткіліксіз. Төрт түліктің негізінде жайылымдарда жоғалып кететінін ескерсек, ауыл тұрғындарының малға күзетті күшейткені абзал. Тұрғындар өз малының қауіпсіздігіне немқұрайлы қараудын тоқтатпайынша, құқық қорғау органдарының мал ұрлаушыларымен күресі оң нәтижесін беруі екіталай.

**А.Т.ЖУНУСОВА**
**«Жалғызағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы**

# АРТЫНА ІЗГІЛІКПЕН ІЗ ҚАЛДЫРҒАН

***Адам баласының қоғамда бағалануы, дәріптелуі, ардақталуы – тікелей оның адамгершілік қасиеттеріне байланысты. Егер ол айналасындағыларға қайырымды, адал болып, бүкіл қарым-қатынастарын адамгершілік тұрғысынан реттейтін болса, нағыз адамгершілігі мол жан болып, қоғамдағы сыйлы бағасын да, орнын да иемденеді.***

Жақсылық – адамның ойы, ниеті, іс-әрекеті. Жаман пиғылдардан аулақ болып, қай кезде болса да адамға қол ұшын беріп көмектесетін, жанашырлық танытатын адамды жақсы адам дейміз.

Бір күні мұғалім сыныпта отырған балаларға:

-Сендердің жек көретін адамдарың бар ма? − деген сұрақ қояды.

Оқушылар ойланып қалды. Кейбіреуі үнсіз қалып, кейбірі қабақтары түйіле бастарын изеді.

Олардың әрқайсысына бірден қағаз қалта таратқан мұғалім:

- Біз бір қызық ойын ойнайық, − деді. − Өткен бір жеті ішінде кім сізді ренжітті, түгелдей еске түсіріңіз. Сосын ол баланың аты мен істеген ісін тілдей қағазға жазыңыз. Мектептен қайтқан соң өзен жағасына барып, түрлі салмақтағы тастардан теріп алып, әлгі жазуы бар қағазды соған жапсырыңыз. Жүрегіңізді ауыртқан іс ауыр болса, тас та үлкен болсын, кішкене болса, тас та кішкене болсын. Соңынан тастың бәрін өздеріңмен бірге алып барған қалтаға салып маған әкеліп көрсетіңдер.

Бұл тапсырма балаларға өте қызықты болды. Сабақтан қайтқан соң барлығы өзен бойына барып, тас тереді. Ертесі таңертең тастарын көтеріп мектепке келген олар бұл іс жөнінде қызу әңгімеге кіріседі. Арада бір күн өтеді. Ертесі тағы бір күн өтеді. Үшінші күн жылжиды. Кейбір оқушылардың дорбасы тасқа толып, тіпті көтере алмауға айналады.

Ақыры бір күні оқушылар бұл іске қарсы шығып, бас тартады.

-Мұғалім, тапсырмаңыз тым қиын екен! − дейді олар ренжіп.

−Онда қолдарыңдағы басқалардың оспадар қылығын көрсететін тастарды тастаңдар! − дейді мұғалім жымиып. − Босқа біреудің кемшілігін «қымбат зат» көріп, жүрекке жүк қылып арқалап жүргенше, оны кешіре білуді үйреніңдер. Себебі уақыт өте келе кім болса да бұл ауырлыққа төзе алмайды. Кешірімділік – шаттыққа бастар жол. Кешіре білетін адам адамгершілігі мол адам қатарына жатады, − дейді. Бұл әңгімені не үшін жазып отырмыз, не себепті мақаламызға арқау болып отыр? − деген сауалдар болуы мүмкін. Расымен де, адамгершілік дегеніміз не? Адалдық адамгершілік бастауы. " Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі қазақтың әулиесі сол"- деген Ұлы Абай. Адалдық- адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі деп саналған.

Адамға қойылатын басты талап-асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойыңа сіңірген , ұлағатты азамат болып шығу. Өйткені адам-



өзінің адамгершілігімен ,қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттілігімен ардақты. Халқымыз қайырымды – мейірімді жанды адамгершілігі мол адам деп дәріптеген. Қайырымды- мейірімді жан өзгелерді , басқа адамдарды ойлап , соларға қол ұшын беруші жан . Ал , адамдардың қамын жеу дегеніміз адамгершілікке келіп саяды. Адамгершілік-адамның рухани арқауы.

Бұл дүниеде адам өзінің пенделік қасиеттерімен күресе жүріп өзінің адамдық қасиеттерін шыңдап ,



өзінің пендешіліктерін , басқаша айтқанда өзінің тозағын жеңіп шығуы қажет. Өйткені, оның бұл дүниедегі бар қайғы- қасіреті оның осы пендешіліктен туындайды. Соған орай оның бұл дүниедегі бақыты мен ақиреттегі бақыты да оның өз пендешіліктерін қаншалықты жеңе алғанына байланысты .

" Адамгершілікке тәрбиелеу құралы- еңбек пен ата-ана үлгісі"- деп Ыбырай атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу. Дұрыс еліңе адал адамды қалыптастыру баланың туылған кезінен басталуы керек. Халықта " Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың" деп бекер айтылмаған . Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді бойына сіңіру біздің қолымызда.

Менің ойымша , осынау қамшының сабындай қып- қысқа өмірде таза ниетті, сенімді, алдамайтын, сөзімізге берік, әрбір істе қара қылды қақ жаратын әділ болуымыз керек. Бес күндік жалғанда арымызға , дақ түсірмей өтірік пен жалғандықты бойымыздан аулақ неге ұстамасқа? Мысалы, адамзаттың асыл тәжі Пайғамбарымыз (с.ғ.с) өмірінің соңына дейін әділдікті, адалдықты насихаттап басқаларға іс жүзінде үлгі болды. Сондықтан ары таза адал мінді өмір сүреді. " Кімдекімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ.

Өткен адам болады көзден таса,
Оны іздеп, ешкім де ойламаса.
Ол кетсе де, белгісі жоғалмайды,
Керектігін ескеріп, ұмытпаса.
ШӘКӘРІМ.




Елімізде ақыл-парасатын, білімі мен күш-жігерін елі, халқы үшін аямай жұмсаған, қоғам алдындағы қызметін абыроймен атқарып, беделін өз еңбектерімен өсірген қазақ азаматтары аз болған жоқ. Сондай абзал азаматтардың бірі, еңбек еткен жерлерінде игі із қалдырған Мәлік Мейманкулұлы Шаихов. Мәлік Мейманкулұлы 1962 жылдың 10-ы ақпанында Ескелді ауданы Жетісу ауылында дүниеге келген. Сол ауылдың мектебін үздікпен аяқтап, Алматы қаласына оқуға түседі. Оқуда, озат болған Мәлік аға, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласқан. Мектепішілік жарыстар мен басқа да сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға да ие болған. Әр нәрсеге өте жауапкершілікпен қарап, ұқыптылық пен тиянақтылықты алдыға қойған. Алматы қаласындағы жоғары оқу орнының дене шынықтыру факультетін бітіріп, өзі туған ауылындағы Жетісу орта мектебіне мұғалім болып жұмыста атқарған. Бала тәрбиелеу мен білім берудегі дара жолы өзіндік ерекше. Білім беріп қана қоймай сол ауылдың азаматтары мен білім беріп жүрген балаларын да қоғамдық жұмысқа баулыған. Ауылының ғана емес, ауданының өсіп өнуіне де ат салысқан. Мектеп те жұмыс істеп жүрген кезінде де оқушыларын Ауылдық, Аудандық, Облыстық, Республикалық жарыстарға қатысып, бас жүлде, бірінші орындарға иеленіп, Жетісу мектебінің атағын шығарған. Спорт десе ішкен асын жерге қойған, Мәлік аға ауыл белсендісі болған. Ауылының жағдайын ойлап, таңмен таласып тұрып бір аралап шығатын. Өз ұлдарын қалай жақсы көрсе, ауыл азаматтарының балаларын да қатты жақсы көретін. Әрбір баланың бойына қадір қасиеттің киелігі мен даралығын дарытып, анасынан көрген жақсы қасиеттерімен бөлісіп отыратын. Бала десе, бала тәрбиесі де істеп жатқан жұмысын қоя салып, айналысатын. Өзінің бойына дарыған ұқыптылық пен тиянақтылықты, салмақтылық пен сабырлылықты, сөз берсе екі етпей орындауды да бала бойына сіндіре білген жан. Арманы ауылынан спорт комплекс ашу еді. Спорт кешенін салмаса да өзі туып-өскен ауылы Жетісу өлкесіне Алланың мекені Мешіт тұрғызды. Қазақтың «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген аталы сөзін «Азамат болу - бесіктен» деп те түйіндеуге болатын сияқты. Өйткені, кез келген адамның азамат болып қалыптасуына оның өскен ортасының тигізер ықпалының орасан зор екенін ешкім де жоққа шығара қоймас. Әрине, бірінші бесік – отбасы, ата-ана тәрбиесі екені даусыз шындық. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп халық бекер айтпаса керек. Екінші бесіктің мектеп пен ұстаздар екеніне де ешкім дау айта алмайды. Мәлік Мейманкулұлының да ауылына барып, бұл кісі қандай жан еді едік, ауыл тұрғындары шу ете түсті. Жаны жайсаң, көзі тірі болған да ауылымыз бұдан да өрлеуші еді деп күрсіне кеткен халықтың мұңын көрдік. Досжаран, бірге істеген әріптестері көздері не жас алып, еске алды. Азаматтың азаматы еді. Ауылымызды көтеріп, атағын шығарған. Спорт десе жаны жай таппайтын адал жан еді. Ерте кетті. Ауылына берерін беріп, өзі қызығын көрмей кетті. Уақыт ілгері жылжыған сайын өткен күндердің қадірі арта түсетіні ақиқат. Өйткені сол жолдарда енді қайталанбас жақсы күндерің, жарқылдаған жастығың, өзгеше сипаттағы жолдастық-достығың, мәнерлі де мәнді қадамдарың қалады. Сол күндердің сәулесі мол шақтары ылғи да адамның жүрегін жылытып, бүгінгі күніңе қуат береді. Өмірдің мағынасының өзі де сонда болса керек. Өмірінің мәні болашақтың кілтін ұстар, сол ауылдың жастары еді. Мәлік Мейманкулұлы бүгінде тарих қойнауына ене бастаған біздің заманымызда елімізге танымал, адамгершілігі жоғары, өмірдің ағымына сай іс-қимыл жасай алатын, бойына еңбекқорлық, адамға жақсылық жасау, кішіпейілділік қасиеттері молынан дарыған, жүрегінен нұрлы шуақ шашырап тұратын абзал азамат болды. Жүрген ортасына есте қаларлықтай із қалдырып, жастарға білім беру, спорт, мәдениет, денсаулық сақтау салаларын дамытуға айтарлықтай еңбегін сіңіріп, ел ағасы дәрежесіне көтерілді. Аудандық Депутатта болды. Ол осындай игілікті жолда қажымай қызмет еткен құрметті де көрнекті тұлға. Шығыстың ұлы ақыны Саади «Отыз жыл оқыдым, отыз жыл саяхатшы болдым, отыз жыл жазғым келді» деп, артына үлкен із қалдырған саяхатшы болса, біз үшін құрметті Мәліктің де өзіндік ұстанымы бар-ды. Алыстағы ауылдан шыққан ол бір әулеттің баласынан халықтың қадірлі де абыройлы адамына айналды. Өмірден көргенбілгенін санасында тоқи жүріп, үлкен мектептен өтті. Ең бастысы, ол жүрген ортасында, қызмет істеген жерлерінде бағаланды. Өзі еңбек етіп жүрген саланың беделін көтеріп, биіктік ұғымын шырайландыра түсті. Мемлекет басшылары іс сапарымен келген кезде де, осы біздің Мәлік күтіп алып, шығарып салатын. Әріптестері мен шәкірттеріне аса сыйлы болған Мәкең өз ортасының ақылшысы, ұйытқысы атанды. Аға алдында пейілін, іні алдында мейірі мен құшағын ашатын. Ақжарқын, әзілқой, жиын-тойдың сәні де болды. Өз ісінің қыр-сырын жете білетін білікті ұстаз саналды. Мектепке келген жас мұғалімге әкесіндей аялы алақанын ұсынып, ақыл-кеңесін беріп, білгенін үйретіп, жетістігін мақтаныш ететін. – «Біз де сендердей жас болғанбыз, жасқаншақтамай жарқырап жүріңдер. Сендердің бойларыңдағы жастық жалынды алдарыңда отырған оқушыларың сезінетін болсын. Ұстаз беделі, абыройының қандай екеніне көз жеткізіп, білім алуға құлшынсын» деген ағалық сөзін талай рет естіген едік, – дейді оның әріптестері. Халқымызда «Өтпейтін өмір, сынбайтын темір жоқ» деген аталы сөз бар. Сол айтқандай, артына өнегелі із қалдырған Мәлік ағамыз 5 жыл бұрын өмірден өтті. Ал, ағаның аяулы жары Нұргүл Жексенбайқызы бүгінде Мәлік ағаның ұрпағын өндіріп, қарт анасын қарап, ақ әже болып немере бағып отыр. Қайсар ана басқа түскен ағаның жоқтығын білдіртпей, қиын болса да жеңе біліп, перзенттерін қанаттыға қақтырмай, қатарға қосты.

**Өз тілшіміз**



# АДАМГЕРШІЛІК – АСЫЛ ҚАСИЕТ

*Жақсы мінез бен ақыл күші бірiксе – бұлар адамгершілік қасиеттер*

**(Ыбырай Алтынсарин)**

Адамгершілік — бұл рухани тәрбие. Адамгершілік - адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз - өзін сыйламайды.

Рухани - адамгершілік тәрбиесі - өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Оқушыларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны осы жастағы балалардың ерекшеліктеріне сай келуі тиіс. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет, мінез - құлықын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани - адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата - ана үлгісі» - деп, Ы. Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туылған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерін сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру барысында, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Мектепке дейінгі балаларды адамгершілік сана - сезімін оятып, жағымды мінез - құлқын қалыптастыруда даярлық тобының балаларына арналған ашық сабақтар: «Мамандықтар», «Ұ дыбысы мен әрпі», тәрбие сағаты: және ойын - сабақтарын: «Ойнайық та, ойлайық!» өткіздім. Мұның бәрі адамгершілікке бағытталды әрі дәл осыған керегар қасиеттерді бала бойынан кездестірдім және оған керекті әдіс - амалдарды да іздестіріп, қолданып келемін.

Халқымыз «баланы ойын өсіреді»деген сөзі тегін айтылмаса керек. Бала ойнап жүріп, ойланады, жүйкесі тынығады, ойы сергиді, денесі шымырланады. Өздерінің құрбы - құрдастарымен жақсы араласуды үйренеді. Сан алуан ойындар баланың дене тәрбиесін дамытып, жас жеткіншектің бойына адамгершілік, сүйіспеншілік, кішіге көмек, үлкенге құрмет көрсете білуге, қиыншылықтан қорықпауға, мақсатқа жетуде төзімділікті ұлғайтуға тәрбиелеуде ерекше мәні бар. Ең бастысы, ойын баланы жан - жақты, тез ойланып шешім қабылдауға, ойын шыншыл ойнауға кешірімді, жанашырлыққа тәрбиелейтіні анық.

Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата - ана мен ұстаздардың басты міндеті. Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», — дейді. Демек, шәкіртке жан - жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін ұздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.



Рухани - адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет - дарынының ашыла түсуіне, ақыл - парасатын дамытуына, яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бала тәрбиеудегі осындай міндеттерді іске асырушылар – мектепке дейінгі мекемелер мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілетін тәлім - тәрбие сабақтаса, ұштаса өткізілгенде ғана көздеген мақсат нәтижелі болары сөзсіз. Бүгінгі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан - жақты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан ертеңгі қоғам иегері боларлық парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының балабақшанып, барша халықтың міндеті.

Адамгершілік тәрбиенің, адам бойында осы жақсы қасиеттердің болуы, жанұяға, өскен ортасына байланысты. Бала ісінің дұрыс екенін қоштап, оң бағыт беріп, теріс жерін дереу жөндеп, демеп жіберу ата - ана мен тәрбиешіге жүктелер міндет. "Адам бойында жақсы қасиеттер көп болса, оған бақ та, бақытта қонады" деген сөзге сүйенсек, жағымсыз қылық - қасиеттер болса одан арылту қажет. Көптеген қайырымды істер жасап, жақсы мінез - құлықтарды өн бойына жинап, ақылдылық танытсаң, міне адамшылдық болғаны.



Қорыта келгенде, уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер баланы тәрбиелеу осы заман талабына сай үйлесімді деңгейді қайта құруды міндеттейді. Тәрбие мен оқу егіз деген сөз бар. «Тәрбие бар жерде ғана сапалы білім саналы ұрпақ болады» деген дана халқымыздың мақал сөзіне сүйенеміз.

Адамзат баласының бойында кездесетін барлық қасиеттің жиынтығы, рухани күші ол – адамгершілік. Адамгершілік – адам бойындағы асыл қасиет. Адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгілікті қасиеттерді бойына сіңіріп, жеке тұлға болып қалыптасу. Осы орайда, бұл талапқа жету үшін құндылықтар басты рөл атқарады. Өйткені, адам баласы өзінің адамгершілігімен, адалдығымен, рухани тәлім-тәрбиесімен өседі.

«Адамгершілік асыл қасиет» деп айтып жатамыз. Неліктен олай айтамыз? деген сұраққа жауап бере кетсек. Адамгершілік – рухани құндылық, күш, тәрбие. Осы тәрбие бізді дамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптасуымызға тәрбиелейді. Жақсы істерге, жақсы қарым-қатынасқа, жақсылық жасауға, мейірімділікке, Отанын сүюге бағыттайтын осы – адамгершілік қасиеті. Қандай жан болмасын, егер де оның бойында адамгершілік қасиеті болса, одан асқан ең таза адам табылмас еді. Бір сөзбен айтқанда, адамның ішкі жан дүниесінің айнасы ол – адами құндылықтар. Адам бойында осы қасиет кездеспейтін болса, ол адам өмірден өз орнын таба алмаған, алдына қойған нақты жоспары жок, өзіне сенімсіз, өзін-өзі сыйламайтын бос адам.

Адамгершілік тақырыбы- ауқымды және мәңгілік. Себебі, бұл асыл қасиеттің орнын ешнәрсе баса алмайды. Абай атамыздың сөзін мысалға алып қарастырсақ, адамның жақсы болуы айналасына да және тәрбиесіне де тікелей байланысты. Қазіргі таңда, адам бойындағы қасиеттерді дәріптеу өзекті тақырыптардың біріне айналды. Әсіресе, бұл мәселе жастарға бағытталған. Көненің көзін көрген үлкендеріміз «Адамның ойы да, ішкі жан дүниелері де, пиғылы да өзгерген, өзгеретін заман емес, өзгеретін адам баласы» деп айтып отырушы еді. Үлкендерден сұрастырсақ өз кезеңдерін қуана- қуана еске алып, сағынышпен айтып отырады. Бұл сөздерге мән беріп, мағынасына үңілмейтінмін. Сондай сәттің бірінде мен ішімнен «Біздің де уақыт керемет, біздің заман да жаман емес»-деп жәй күле салатын едім. Уақыт өте келе бұл сөздердің түпкі мағынасын түсіне бастағандаймын. Себебі, қазіргі таңдағы жасөспірімнің ойсанасы қажет емес ақпаратқа толып, өздеріне қажет емес істерге үйір болып бара жатыр. Бұл жеткіншектердің өз бойына құнды қасиеттерді сіңіруіне кедергі жасауы мүмкін. Байқайтын болсақ, расымен де адамдық құндылықтар өзгеріп, әр адамзат өз жағдайын көп ойлайтын дәрежеге жеттік. Бұл жағдайды әрі қарай ушықтырып алмас үшін, дер кезінде дұрыс әрекет жасай білу керек. Себебі, адамгершілік қасиеттерінің артында достық, отансүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттері де бой көрсетеді. Міржақып атамыз «Адамның алдымен адам сипаты болуға тиіс» демекші, әр адам баласы өзін дұрыстау арқылы, өзіне бар асыл қасиеттерді сіңіріп, өзіне адами сипатты толықтыра алса, қоғамға да бар жақсылықты үйрете алады.

Адамгершілік - адам бойындағы құнды, ең асыл қасиет. «Кісілік», «Ізгілік», «Имандылық» сияқты ұғымдармен мәндес. Бұл сөздерді естігенде көз алдымызға қиналғанда қол ұшын беріп, көмегін аямайтын, жанаршылық танытатын жақсы жандар бірден елестей кетері рас. Бұл қасиеттер арқылы біз мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйренеміз. Қазіргі қоғамда да шалынғанды демейтін, адами қасиеттері бойына сіңген адамдар жоқ емес. Ал мен солардың ішінде жақсы адам деп кімдерді айта аламын?

Жақсылық күн секілді, кейде бұлт астына жоғалып, кейде сәулесін мол шашып, нұрын төгеді. Осындай әрдайым жарық сәулесін шашып, мейірім шуағын төгіп тұратын жақсы адамдар менің де жанымда жетерлік.

Ыбырай Алтынсарин

Жас ұрпаққа рухани адамгершілік тәрбие беру – бұл ізгілікті іс тал бесіктен бастау алады. Балаға өмірді ата – анасы береді. Ата – ананың борышы балаларының тек табиғи қажеттіліктерін орындаудан ғана емес, дұрыс өмір сүруге бағыт бағдар беруге, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп өсуіне бейімдеуден тұрады. Бала өмірге келген сәттен бастап, ата – анасының махаббатына бөленеді, сыртқы ортаға қызығушылығы болады.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың» - дегендей баланың адамдармен қарым – қатынас жасауы, қоғамға енуі отбасынан басталады. Жақсы адам болып өсуі үшін ол күн сайын отбасы мүшелері арасындағы ең жарасымды, ең әділетті қарым қатынастардың куәсі болуы керек. Себебі бала негізгі өнегені, мейірімді, жылулықты ата – анасынан алады.

Ал біздің мақсатымыз осы мейірім мен жылулықты оқушы бойында сақтап, одан әрі жетілдіріп және ой – өрісі кең парасатты, мәдениетті ұрпақ тәрбиелеу.

Мінез – құлық пен іс – әрекеттерде көзге түсетін төмендегідей адамгершілік белгілерін атауға болады: адамды қастерлеу, сыйлау, сену, имандылық, ар – ұятты сақтау, изеттілік пен кішіпейілділік, мейірімділік, әділдік пен қанағатшылдық, рахымдылық, жомарттық, ақкөңілділік, жауапттылық, шыншылдық, сөзге беріктік – деген анықтама берілген.

Адамгершілік – парыз, үлкендерді сыйла, үлкеннің жолын кеспе, сөзін бөлме, үлкендерге сәлем бер, үлкендердің көңілін қалдыратындай әрекет жасама тағы да басқа моральдық ережелер жаман әдеттен сақтайтын таза ұлы қасиеттер, атадан балаға мирас болып сақталған қазақ халқының моральдық этикасы деп айтуға болады.

Адамгершілік - адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады.

Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым - қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез - құлқы, іс - әрекеті, қарым - қатынасы, көзқарасымен сипатталады.

Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашарлық, изеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т. б. Адамгершілік - ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Адам тумасында жақсылыққа да, жамандыққа да үйір емес. Адамгершілік белгілердің қалыптасуына ерекше әсер ететін жағдайлар бар. Адамның тәрбиелілігі барлық жағдайда адамдармен қарым – қатынасынан байқалады. Адамгершілік қасиеттер адамның бойдағы күш - жігерін, қуатын, сенімін, жан – жылуын арттыра түседі. Мұндай адамдар әрдайым жақсылық істеуге, айналасындағыларға көмек беруге, бар білгенін үйретуге дайын тұрады. Өзінен кейінгілерге үлгі бола біледі.

Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата – ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер.

Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет - ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс — тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Рухани - адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа - қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата - ананың да болашағы зор болмақ. «Мен үш қасиетімді мақтан тұтам», — депті Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым.

**Өз тілшіміз**

# ПРИМЕНЕНИЕ ЯДОХИМИКАТОВ (ПЕСТИЦИДОВ) И ЗАЩИТА ОТ НИХ



***В современном мире для борьбы с вредными растениями, повышения урожайности, борьбы с насекомыми, грызунами в сельском хозяйстве и в быту используют большое количество органических и неорганических химических веществ, так называемых - ядохимикатов (пестицидов).***

Ядохимикаты (пестициды) – это химические вещества, которые в той или иной степени опасны для здоровья человека, проявляющие свое токсическое действие независимо от пути проникновения в организм (через рот, кожу или органы дыхания), поэтому при работе с ними необходимо строго соблюдать меры предосторожности.

Несоблюдение мер предосторожности - опасно для здоровья человека и может привести к отравлению ядохимикатами, стать причиной заболеваний сердца, органов дыхания, нервной системы. Отравление пестицидами бывает бытовым и производственным. Интоксикация организма возникает при неправильном обращении ядохимикатов, нарушений правил хранения и их использования на производстве и в быту.

Ядохимикаты, в зависимости от действующего вещества обладают токсичностью, канцерогенностью, тератогенностью, эмбриотоксичностью, оказывают раздражающее действие на слизистые оболочки человека.

Среди ядохимикатов (пестицидов) различают:

гербициды - вещества для уничтожения вредных растений;

инсектициды - для уничтожения вредных насекомых;

фунгициды - средства для борьбы с грибковыми поражениями;

зооциды – уничтожающие грызунов;

акарициды – уничтожающие клещей;

репелленты – отпугивающие насекомых.

афициды - применяемые против тли

Сейчас с наступлением весенне-летнего сезона все чаще будут применятся те или иные средства и нужно быть предельно осторожными в их хранении и применении. Использовать ядохимикаты нужно строго по инструкции, придерживаясь определенных правил, хранить в недоступных для детей и домашних животных местах. В помещениях использовать химикаты, предназначенные для использования на открытом грунте, нельзя. Средства с изображением черепа и пометкой «Т+» являются очень ядовитыми. Средства с пометкой «Т» - ядовиты. Препараты с изображением креста и пометкой «Хn» ядовиты в малой степени. Средства с пометкой «Xi» оказывают раздражающее действие.

Складское помещение для хранения химикатов должно быть сухим, изолированное от жилых построек, иметь исправную крышу и хороший запор. Хранение химикатов поручается ответственному лицу, знающему порядок и технику хранения ядов.

Во избежание отравления ядохимикатами важно соблюдать санитарно-гигиенических нормы, правила техники безопасности. При работе с использованием пестицидов (например, при обработке растений) необходимо пользоваться защитной одеждой и обувью, противогазом (респиратором), так как воздушно-капельный путь попадания ядов в организм человека является самым распространенным. Остатки ядов, не использованных при выполнении дневного задания, необходимо сдавать на склад. Просыпанный в поле порошкообразный или пролитый жидкий ядохимикат нужно засыпать землей. Запрещается курить, принимать пищу во время работы с ядами.

После окончания работы рабочие должны тщательно мыть руки с мылом, а после работы с пылевидными ядами, кроме того, мыть уши, шею, полоскать рот. Для оказания первой помощи на месте работы должна быть аптечка с набором необходимых средств оказания помощи в случаях отравления ядохимикатами. На первом этапе у человека могут появиться признаки: тошнота, позывы к рвоте, боли в голове, слабость, вялость, головокружение, холодные руки и ноги. После попадания в организм ядов, наблюдается быстрое ухудшение состояния человека, возникает нарушение зрительной функции. Если не оказать пострадавшему помощь, то спустя несколько часов нарушается работа внутренних органов: страдают печень, почки, возможно развитие отека легких, сбои в функциях сердечной системы.

**Е. СЕЙСЕМБИНОВ**
**Руководитель управления санитарно-эпидемиологического контроля Ескельдинского района**



# ПРИЗВАНИЕ - СЛУЖИТЬ ЛЮДЯМ





***Психиатрия до сих пор является одним из самых загадочных разделов медицины.***

***Психиатрия приходит на помощь, когда заболевания нервной системы начинают влиять на психическое поведение человека. Возникают различные мании, шизофрения, болезнь Альцгеймера и другие заболевания, связанные с нарушениями работы мозга. Психиатр изучает причины заболевания, наблюдает за течением болезни, разрабатывает способы лечения, анализирует результат.***

***Психиатр также занимается недугами, пограничными с психиатрией. К таким относятся неврозы и психозы, возникшие после сильного стресса. Это состояние можно преодолеть без помощи врачей, однако лучше всего обратиться к врачу для предупреждения развития заболевания.***

***Потенциальный психиатр должен обладать эмпатией (то есть умением понимать людей) и при этом не быть слишком эмоциональным. Это поистине тяжелый труд: ежедневная работа с надломленными судьбами и израненными душами.***

***И люди, которые там работают, тоже особенные, отличающиеся от других врачей.***

***Об одном из таких психиатров докторе-Им Галине Владимировне сегодня мы и расскажем нашим читателям.***

***Если во всем мире известны фамилии таких врачей, как Фрейд, Бехтерев, Кащенко, то в Ескельдинском районе пациенты чтят доктора Им Галину Владимировну. Именно ей принадлежит огромная заслуга в становлении, развитии и совершенствовании психиатрической помощи жителям нашего района.***

***Для нас она - не только талантливый врач, мудрый наставник, но и человек с большой буквы.***

***Также, хочется отметить самого главного её помощника в таком нелегком труде –медсестру Талдыбаеву Гулайм Шаймуратовну.***

***Она очень лёгкая в общении, умеет устанавливать эмоциональную или дружескую связь с самыми разными пациентами и врачами, помогает не только делом, но и словом, сказанным в нужном месте и в нужное время.***

***Медицинская сестра- партнер врача и помощник пациента.***

***«Работа психиатра, как и врача любой другой специальности, действительно трудная и ответственная. Психиатрия — единственная область медицины, чей предмет не тело человека, а душа».***

# МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП: ӘМСҚ 2023 ЖЫЛЫ АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫНА ҚАНША ҚАРАЖАТ БӨЛДІ?




***Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры медициналық көмекті қаржыландыру бойынша 2023 жылдың қорытындысымен бөлісуін жалғастырады. Келесі есебіміз ауылдық жерлерде көрсетілген медициналық қызметке арналады.***

***2023 жылы аудандық деңгейдегі медициналық ұйымдар медициналық қызметтерді көрсету үшін 600 млрд теңге көлемінде қаражат алды. Аталған қаражат алғашқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық көмек, амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, медициналық оңалту, стационарларда емдеуге жұмсалды. Осы қаражаттың 40%-ы МӘМС активтері болып табылады.***

***1 млн-ға жуық тұрған аудандық ауруханалардағы тәулік бойғы және күндізгі стационарларда ем алды. Тиісті қызметтерге әлеуметтік сақтандыру қаражаттарынан 102 млрд теңге бағытталды. Қалалық, облыстық көпбейінді ауруханаларда және мамандандырылған стационарларда 700 мыңға жуық ауыл тұрғындарына 213 млрд теңгенің медициналық көмегі көрсетілді. Оның ішінде 21 млрд теңгеге жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетілгенін айта кету керек. Сонымен бірге 88 мың ауыл тұрғындары 21,5 млрд теңге МӘМС қаражатына медициналық оңалтудан өтті.***

***7,7 млн қазақстандық ауылдық емханаларға тіркелген. 2023 жылы емханаға жүгінушілерің саны 53 млн-ға жетті. Олардың төрттен бірі профилактикалық мақсатта қаралды, бұл былтырғы дәл осындай көрсеткіштен 1,5 есе көп. 2 млн-ға жуық ауыл тұрғындары профилактикалық тексеруден өтіп, ТМККК бойынша 5,4 млрд теңгенің 8 млн-ға жуық қызметін алған. Оның ішінде: бүйрек, асқазан-ішек жолдары, тыныс алу және қуықасты безі органдарының ауруларын ерте кезеңде диагностикалау үшін кеңейтілген скрининг.***

***МӘМС қаражатынан 5,6 млрд теңге КТ және МРТ зерттеулеріне бағытталды. Жалпы алғанда, жарты миллиондай қызмет көрсетілді. Оның ішінде: 207,4 мың КТ және 238,2 мың МРТ. Сонымен қатар, былтыр ауыл тұрғындарына 483,6 мың қызмет қашықтан көрсетілді. Бұл мақсатқа ТМККК және МӘМС-тен 1,2 млрд теңге бағытталды.***

***МӘМС жүйесі бойынша 5,1 млрд теңгеге ауыл тұрғындарына автомобильдік жылжымалы медициналық кешендермен 1,7 млн қызмет көрсетілді. Дәл осындай теміржолдағы кешендер 3,6 мың елді мекенді қамтыды: 80 мың тұрғынның денсаулығын тексеруге әлеуметтік медициналық сақтандыру қаражатынан 768 млн теңге жұмсалды.***

***«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы***

# КӨКЖАЗЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША ИЕСІЗ ДЕП ТАНУ ҮШІН БЕРІЛЕТІН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ

| № | Үй иесінің аты -жөні | Мекен-жай | Жаңа мекен-жай |
|---|---|---|---|
| 1 | Садыков Нурмолда | с. Малогоровка<br>ул. Свердлова №1 | с.Боктерли<br>Шокай №1 |
| 2 | Турлыгожанова Кульшара | с. Малогоровка<br>ул. Свердлова<br>№ 6 | с.Боктерли<br>Шокай № 4а |
| 3 | Овчаров Александр<br>Николаевич | с. Малогоровка<br>ул. Свердлова №10 | с.Боктерли<br>Шокай № 6а |
| 4 | Медетпеков Морат | с. Малогоровка<br>ул. Свердлова<br>№ 2 | с.Боктерли<br>Шокай №2 |
| 5 | Вирченко Елена<br>Николаевна | с. Малогоровка<br>ул. Амангельды №2 | с.Боктерли<br>Амангельды № 2а |
| 6 | Бурлыбеков Абдуали | с. Малогоровка<br>ул. Амангельды №3 | с.Боктерли<br>Амангельды №3а |
| 7 | Шевчук Прасковья<br>Григорьевна | с. Малогоровка<br>ул. Амангельды № 4 | с.Боктерли<br>Амангельды № 2 б |
| 8 | Овчарова Ульяна<br>Федоровна | с. Малогоровка<br>ул. Амангельды №6 | с.Боктерли<br>Амангельды № 2в |
| 9 | Турусбекова Нурзия | с. Малогоровка<br>ул. Амангельды №12 | с.Боктерли<br>Амангельды №4а |
| 10 | Джанкулов Болат | с. Малогоровка<br>ул. Амангельды №15 | с.Боктерли<br>Амангельды №13а |
| 11 | Шукурбаева Батен | с. Малогоровка<br>ул. Амангельды №16 | с.Боктерли<br>Амангельды №12 а |
| 12 | Данкульбеков Ережеп | с. Малогоровка<br>ул. Амангельды №22 | с.Боктерли<br>Амангельды №37а |
| 13 | Калачева Елена<br>Даниловна | с. Малогоровка<br>ул. Амангельды №24 | с.Боктерли<br>Амангельды № 37 б |
| 14 | Бейбосынов Адилхан | с. Малогоровка<br>ул. Амангельды №27 | с.Боктерли<br>Амангельды №23 а |
| 15 | Шукурбаев Сакен | с. Малогоровка<br>ул. Амангельды №33 | с.Боктерли<br>Амангельды №25а |
| 16 | Шакиров К | с. Тенлик<br>ул. Дружбы №1 | с.Тенлик<br>Достык №1 |
| 17 | Урманбаев Рифхат | с. Тенлик<br>ул. Дружбы №6 | с.Тенлик<br>Достык №2 |
| 18 | Агеев Александр<br>Алексеевич | с. Троицк<br>ул. Мичурина № 17 | с.Кокжазык<br>Курмангазы №24 |
| 19 | Жиенкулова Бигайша | с. Троицк<br>ул.Щорса №6 | с.Кокжазык Бокина № 6 |

**М.ЖУМАБАЕВ,**
**Көкжазық ауылдық округінің әкімі**

# АДГС РАЗРАБОТАНЫ КОММЕНТАРИИ К ЭТИЧЕСКОМУ КОДЕКСУ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ

***В Агентстве по делам государственной службы провели заседание коллегии по итогам работы за 2023 год. В нем приняли участие представители Администрации Президента, Академии государственного управления, члены Общественного совета, Комиссии по этике и Консультативно-экспертной группы по вопросам формирования сервисного госаппарата и дебюрократизации его деятельности при Агентстве.***

Выступая на коллегии, председатель АДГС Дархан Жазыкбай отметил, что Агентство, реализуя свои контрольные функции в сфере государственной службы основной упор делает на защиту прав граждан и государственных служащих.

В данном контексте Агентством проведена масштабная работа по привлечению в составы Советов по этике в регионах представителей СМИ и активных представителей общественности.

В 2023 году проведено 195 заседаний Советов по этике, на которых рассмотрены более 1300 вопросов. 62% из них носили профилактический характер и были направлены на предупреждение этических правонарушений. По итогам года 96% рекомендаций Советов исполнены, что является высоким показателем эффективности работы данного института.

При координации АДГС в регионах уполномоченными по этике организована обширная разъяснительная работа. В результате более 26 тысячам граждан и государственным служащим оказана персональная консультативная помощь.

Важно отметить, что в 2023 году Агентством проведено более 396 проверок, выявлены свыше 13 тысяч нарушений. По итогам проверок дано 345 рекомендаций и предписаний об отмене противоправных действий, 97,9% которых полностью реализованы. Благодаря решениям, принятым в результате контрольных мероприятий, защищены права 191 гражданина.

Дархан Жазыкбай подчеркнул, что государственная служба – это общественное доверие, требующее от госслужащих ставить верность интересам страны, законам и нравственным принципам выше личной выгоды. Поэтому к этическим принципам госслужащих предъявляются столь высокие требования.

Агентством разработаны комментарии к Этическому кодексу государственных служащих. Они нацелены на правильное понимание норм Кодекса в их практическом применении.

Также глава Агентства отметил критику и недовольства со стороны общества за посещение госслужащими игорных заведений. В связи с этим в прошлом году в Этический кодекс были внесены изменения, направленные на то, чтобы стимулировать госслужащих не посещать игорные заведения.

Пресс-служба АДГС РК

# 234 ГОСУДАРСТВЕННЫМ СЛУЖАЩИМ ПРЕДОСТАВЛЕНЫ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ ЧАСЫ ОТДЫХА ИЗ-ЗА ПЕРЕРАБОТОК

***Агентство по делам государственной службы подвело итоги своей работы за 2023 год.***

***На заседании коллегии Председатель Агентства рассказал о мерах по мониторингу за режимом работы государственных органов для предотвращения фактов переработок госслужащими.***

***Для мониторинга соблюдения режима рабочего времени без посещения госоргана используются сведения, отраженные в информационных системах, данные, предоставляемые госорганами в АДГС, данные СКУД-системы, публикации в СМИ и социальных сетях.***

***Мониторинг соблюдения режима рабочего времени с посещением государственного органа осуществляется согласно плану посещения государственных органов не реже одного раза в течение одного квартала.***

***В прошлом году в результате мониторинга в государственных органах, 234 государственным служащим предоставлены дополнительные часы отдыха в связи с выявленными недостатками, 53 государственным служащим компенсированы их права.***

***Кроме того, Агентством приняты меры для сохранения у госслужащих баланса между карьерой и семьей.***

***Благодаря реализованной инициативе определенная категория госслужащих в прошлом году получили возможность работать дистанционно либо с прменением комбинированной дистанционной работы, гибкого графика работы.***

***Данные меры оказывают положительное влияние на эффективное использование рабочего времени государственных служащих.***

***Так, практика использования гибкого рабочего времени в прошлом году продемонстрировала рост на 72,4%. Если в 2022 году гибкий график был использован 835 госслужащими, то в 2023 году их количество составило 3024 человек.***

**Пресс-служба АДГС РК**

# ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

***Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды.***

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);
- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);
- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);
- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);
- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);
- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);
- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);
- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);
- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады kgd.gov.kz (https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» «мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министерлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Кызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

**Қуаныш АРМАНҰЛЫ**
**ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің**
**Жетісу облысы бойынша**
**Департаментінің қылмыстық**
**саладағы құқықтық ақпаратты**
**қалыптастыру прокуроры**

# ДВОЙНОЕ СЧАСТЬЕ

*В роддоме ГКП на ПХВ «Ескельдинская ЦРБ» на свет появились двойняшки. Каждая из девочек весит более 2 кг. Девочек назвали Алия и Жания.*

*- В сегодняшних сложных реалиях жизни очень важно отмечать такие радостные и положительные моменты, как рождение новой жизни. Тем более, на свет появилась двойня, что происходит не так часто. Мы гордимся тем, что наш роддом готов к таким родам, бригады и операционные, есть все. Радостно вдвойне, что женщина родила сама, наши специалисты грамотно вели и саму беременность и роды.*

*Совместное пребывание с малышами позволяет быстрее прийти в форму, вернуть психологическое равновесие и наладить естественное вскармливание. Мы желаем новорожденным малышам Алие, Жание и ее маме крепкого здоровья и благополучия!*



# АБАЙЛАҢЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР



***Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 26 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 2871 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 0,91 % құрайды.***

26 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдыкорган қаласы-17, Алакөл – 5, Ескелді – 2, Панфилов – 1, Сарканский - 1. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. Б. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қоңырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қоңырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ІІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ІІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7.Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруді, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

**Алмас ЕРІКҰЛЫ ,**
**ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры**

# ҚҰРМЕТТІ ЖҰМАҒҰЛ ӘБДІРАМАНҰЛЫ



***Сізді, 63 жасқа толып жатқан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!***

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 63 жасқа алып жетті. Өзінің өнегелі өмір соқпағында сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстүрлерді үкілеп келе жатқан Сіздің саналы ғұмыр жолыңызды жастарға үлгі етіп, мақтан тұтамыз. Сізді өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы тұлға ретінде жақсы білеміз. Өмір жолында еңбексүйгіштік, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде Қазақ халқының игілігіне бөленіп, қызметтің ең қызықты да қиын салаларын атқарып отырған абырой-беделіңізді атап өтпей кетуге болмас. Бұл жылдар сіздің қоғамдық және жемісті еңбегіңіздің нағыз кемеліне келген кезең болды. Туған елге деген сүйіспеншілік арқылы парасатты да рухы биік ізбасарларыңызды тәрбиелеу жолында дарынды ұйымдастырушы қырынан көрініп келесіз. Сіздің алдыңыз кең, жаныңыз жомарт, қамқор да талапшыл басшы, аяулы аға ретіндегі абзал қасиеттеріңіз тәнті етпей қоймайды.

Сізге осындай мерейлі күні шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз. Қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбектеріңіздің еліміздің нығаюына өзіндік үлесі бар. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта берсін!

Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз!

**Ізгі тілекпен:**
**Ахметов Елдос Тұрсынбайұлы**
**Ескелді ауданының әкімі**
**Сатанов Қанат Нүсіпжанұлы**
**Ескелді аудандық мәслихатының хатшысы**

# ЕСІРТКІСІЗ ҚОҒАМ

«Есірткісіз қоғам құру – Қазақстанның әрбір азаматының алдындағы міндет. Есірткінің, оның ішінде синтетикалық есірткінің таралуы болашақ ұрпақтың әл-ауқатына қауіп төндіретіні бәріңізге белгілі. Осыған орай мектептерде есірткіге қатысты түрлі іс-шаралар көптеп өткізілуде. Жасөспірімдерге есірткінің зияны туралы айтылатын пайдалы жиындарды өткізу, құқықтық сауаттылығын арттыру арқылы олардың есірткіге тәуелді болмау жолдарының алдын алуға болады. Бүгінде қалалық білім ошақтарында түрлі семинар, дәрістермен дөңгелек үстел, сондай-ақ ата-аналардың қатысуымен түрлі шаралар ұйымдастыру дәстүрге айналған.

Біз күш біріктірудің арқасында өскелең ұрпаққа оң ықпал етіп, салауатты болашақты қамтамасыз ететінімізге сенеміз. Осы ретте Түркістан қаласы Қазыбек би атындағы мектепте құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуда «Жастар арасындағы нашақорлық» тақырыбында іс-шара болып өтті. Шараның мақсаты есірткіге қатысты проблемалар және есірткіні қолданудың алдын алу. Жастар арасында есірткіге қатысты проблемалар жайлы ақпараттандыру деңгейін жоғарылату, психоактивтік заттарды қолдануға қарсы дағдыларды дамыту мақсатында қалалық ардагерлер кеңесі мен әкелер мектебінің мүшесі Искаков Қалқабек мырзамен 9-сынып жетекшісі Оразбеков Ерденнің ұйымдастыруымен болып өтті. Өзін-өзі басқару ұйымының спорт фракциясының жетекшісі Алмасов Үсейн нашақорлықтың зардабы мен адам өміріне залалы туралы жинақтаған ақпаратымен бөлісті. Арнайы бейнебаян мен жинақтаған материалдарымен бөліскен, көкейдегі сұрақтарға жауап табылған басқосу болды.

Әр қоғамның өзінің бас ауыртар ірі-ірі мәселесі болады. Қоғам өркендеп адам ой-санасы дамыған сайын оған төнер дерт кесел де ғаламаттай қуаттанып, бой бермес бас асаудай күшейе түсетін түрі бар. Өкініштісі сол қарап отырсаңыз осындай ем қонбайтын кеселді, дерттерді адамдар өздері ойлап табады.Әлемді жайлаған нашақорлық дерті күн сайын тамырын тереңге жайып барады. Бұл «жұқпалы ауруға» Қазақстан да шалдыққан. Ол уақыт озған сайын асқынып бара жатыр деп айтуға болады. Оған әр түрлі себептері бар. Ең негізгісі – есірткі және психотроптық заттарға қол жетімділік. Бұған дәлел күн сайын әр-түрлі есірткі немесе психотроптық заттармен ұсталғандар жәйлі ақпарттар. Есірткі заттарды қолданатындардың басым көпшілігіне — мектеп жасындағы бойжеткендер мен бозбалалар жатады. Өйткені жасөспірімдер еліктегіш келеді, сондықтан бір рет есірткіні қолдансам ештеңе ете қоймас деп, қалай нашақор болғанын білмей қалады.

Ал есірткінің қармағына бір іліккен адам, одан оңай құтылып кете алмайды. Нашақорлық дертіне шалдыққан адам онсыз өмір сүре алмайтындай күйге түсіп өзінің денсаулығын, өмірін құртып қана қоймай, жақындарының, қоршаған адамдардың өміріне де қауіп төндіреді

**«Қарабұлақ ауылдық округінің аппараты» ММ**

***Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет о начале подписной компании на 2024 год!***

***Наш ИНДЕКС:***

***Физ.лицо - 65535 Юр.лицо - 15535***

***Сумма подписки:***

***Физ.лицо:***

***6 мес. - 2 284,80 тг год - 4 569,60 тг***

***Юр.лицо:***

***6 мес. - 2947,80 тг год - 5 895,60 тг***

***ПОДПИШИСЬ НА НАС!***

***Подписчикам при публикации предоставляются скидки!***

***Наш электронный адрес:***

*eskeldi_eli@mail.ru*

## HABARLANDYRU

***Утерян кассовый аппарат марки: ОКА 102 Ф, заводской номер: 000000213333, года выпуска: 2013, принадлежащий на имя Нусипов Даурен Нусипович считать недействительным.***

***

***Онлайн-жұмыс. Хабарласыңыз: 8 708 366 9657***

**Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС**
**директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА.**
**Редакцияның телефоны 3-19-15**

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

**Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru**

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

**Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.**

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.

**Осы шығарылымның таралымы 1350**
**Тираж 1350**
**Тапсырыс 15**
**Көлемі 2 баспа табақ.**

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.

**Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ**